

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швеция Корольдігінің Үкіметі арасындағы
Табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол
бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 9 шілде N 270

Мәскеуде 1997 жылғы 19 наурызда жасалған Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Швеция Корольдігі Үкіметі арасындағы Табысқа қосарланған
салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы
конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Табысқа қосарланған салық салуға жол бермеу
және салық төлеуден жалтаруды болғызбау туралы
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швеция
Корольдігінің Үкіметі арасындағы
Конвенция

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 5, 85-құжат)
(1998 жылғы 2 қазанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 76 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швеция Корольдігінің Үкіметі
табысқа қосарланған салық салуға жол бермеу және салық төлеуден
жалтаруды болғызбау туралы Конвенция жасауға ниет білдіре отырып,

мына мәселелер жайында уағдаласты:

1-Бап
Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің
де резиденттері болып табылатын тұлғаларға және Конвенцияда арнайы
көзделгеніндей басқа да тұлғаларға қолданылады.

2-Бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция қолданылатын салықтар мыналар:

а) Қазақстан Республикасында:

(i) кәсіпорындардың пайдасы мен табыстарына салынатын салық;

(ii) жеке тұлғалардың табысына салынатын салық;

(бұдан әрі "Қазақстан салығы" аталатындар);

б) Швецияда:

(i) табысқа салынатын ұлттық салық, соның ішінде теңіздегі персоналға салынатын салық және табыс көзінен ұсталатын дивидендтерге салынатын салық;

(ii) резидент еместердің табысына салынатын салық;

(iii) резидент емес артистер мен атлеттердің табысына салынатын салық;

және

(iv) табысқа салынатын муниципалдық салық;

(бұдан әрі "швед салығы" аталатындар).

2. Конвенция сондай-ақ оған қол қойылған күннен кейін 1-тармақта көрсетілген салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез-келген бірдей немесе іс жүзінде соларға ұқсас салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары олардың қолданылып жүрген салық заңдарына енгізілетін кез-келген елеулі өзгерістер жайында бір-бірін хабардар етіп отырады.

3-бап

Жалпы айқындамалар

1. Егер контекстен басқалай мағына тумаса, осы Конвенцияның мақсаттары

үшін:

а) мына терминдер:

(i) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді. Географиялық мағынада қолданғанда "Қазақстан" термині халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттар үшін егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра

алатын және Қазақстанның салықтарын реттейтін заңдар қолданылатын аумақтық суларды, сондай-ақ айрықша экономикалық аймақ пен континенталдық шельфті қамтиды;

(ii) "Швеция" термині Швеция Корольдігін білдіреді және географиялық мағынада қолданғанда халықаралық құқыққа сәйкес Швеция егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын Швецияның ұлттық аумағын, аумақтық теңізін, сондай-ақ теңіз жағалауындағы өзге де аймақты қамтиды.

b) "тұлға" термині жеке адамды, компанияны және тұлғалардың кез-келген басқа да бірлестігін қамтиды;

c) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік бірлестік ретінде қарастырылатын кез-келген корпоративтік бірлестікті немесе кез-келген экономикалық бірлікті білдіреді және Қазақстан жағдайында пайда салығы салынатын акционерлік қоғамды, жауапкершілігі шектеулі қоғамды немесе кез-келген басқа заңды тұлғаны не ұйымды қамтиды;

d) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контекстке байланысты Қазақстанды немесе Швецияны білдіреді;

e) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

f) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі тек қана басқа Уағдаласушы Мемлекеттің ішіндегі пункттер арасында пайдаланылатын жағдайлардан басқа кезде Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны; пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің кез-келген тасымалын білдіреді;

g) "құзыретті орган" термині:

(i) Қазақстанда Қаржы министрлігінің немесе оның өкілетті өкілін;

(ii) Швецияда Қаржы министрлігін, оның өкілетті өкілін немесе осы Конвенцияның мақсаттары үшін құзыретті орган ретінде тағайындалатын өкімет органын білдіреді;

h) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығын алған кез-келген жеке адамды;

(ii) өздерінің мәртебесін Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдары негізінде алған кез-келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе кез-келген басқа ассоциацияны білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет Конвенцияны қолданғанда онда айқындалмаған кез-келген термин, егер контекстен басқа мағына тумаса, салықтарына осы Конвенция қолданылатын сол Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады.

Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Мемлекеттің заңдары бойынша онда өзінің тұрғылықтық жеріне, резиденттігіне, басқару орнына, құрылған орынына немесе осындай сипаттағы кез-келген басқа өлшемге байланысты салық салынатын кез-келген тұлғаны білдіреді.

a) Алайда бұл термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табыстарға немесе сонда орналасқан капиталға қатысты осы Мемлекетте салық салынуға тиіс кез-келген тұлғаны қамтымайды.

b) Серіктестік алған немесе бірлесе иеленуден алынған табыс жағдайында бұл термин осы табыстың резиденттің өз қолындағы болмаса оның серіктестерінің не дивиденд алушылардың қолындағы табыс ретінде осы Мемлекетте салық салынатын бөлігіне ғана қолданылады.

c) Термин сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің өзін немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органдарын, Швецияның Орталық банкін және Қазақстанның Ұлттық банкін қамтиды.

d) Термин сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша құрылған кез-келген компания немесе ұйым тіпті өздері ұйымдастырылған Мемлекетте салық салудан босатылса да, тек қана қызметкерлерге зейнетақылар немесе жәрдемақылар төлеу мақсаттары үшін жұмыс істейтін кез-келген сондай компанияны немесе ұйымды қамтиды.

2. 1-тармақтың ережелеріне байланысты жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болған жағдайда оның мәртебесі былай айқындалады:

a) ол өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Мемлекеттердің екеуінде де өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

b) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Мемлекеттердің біреуінде де өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

c) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе

олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

d) егер ол Мемлекеттердің екеуінің де азаматы болса немесе біреуінің де азаматы болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені өзара келісе отырып шешеді.

3. Егер 1- тармақтың ережелеріне байланысты жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені келісіп алып шешуге ұмтылады.

5-Бап Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині сол арқылы кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орынын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

- a) басқару орыны;
- b) бөлімше;
- c) кеңсе;
- d) фабрика;
- e) шеберхана;
- f) шахта, мұнай немесе газ скважинасы, карьер немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез-келген басқа орын;
- g) құрылыс алаңы немесе құрылыс монтаждау немесе құрастыру объектісі яки осыларға байланысты қадағалау қызметтері, егер осындай алаң немесе объект 12 айдан астам уақыт бойы жұмыс істесе немесе мұндай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе ғана;
- h) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғы немесе құрылғы яки осыларға байланысты қадағалау қызметтері немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысы яки кеме егер осылай пайдалану 12 айдан астам уақытқа созылса немесе мұндай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе ғана; және
- i) қызметтер көрсету, оның ішінде осындай мақсаттар үшін резидент жалдаған қызметшілер немесе басқа да адамдар арқылы резиденттер көрсететін консультативтік қызметтер, бірақ (осындай немесе онымен байланысты жоба үшін) мұндай сипаттағы қызмет ел ішінде 12 айдан астам уақыт бойына көрсетілуі қажет.

3. Осы баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме" термині мыналарды қамтымайтын болып есептелуге тиіс.

- a) ғимараттарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау,

көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалану;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана сақтау;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа бір кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ғана сақтау;

d) тұрақты қызмет орынын кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе ақпарат жинау үшін ғана ұстау;

e) тұрақты қызмет орынын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез-келген басқа бір қызметті жүзеге асыру мақсаттарында ғана ұстау;

f) тұрақты қызмет орынының қызмет түрлерінің қандай да болсын амалын жүзеге асыру нәтижесінде пайда болатын жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орынын а) тармақшасынан e) тармақшасына дейін көрсетілген қызмет түрлерінің осындай амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстау.

4. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, 5-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекетте басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының пайдасына әрекет етсе, егер мұндай тұлғаның қызметі тұрақты қызмет орыны арқылы жүзеге асырылса да, осы тұрақты қызмет орынын 3-тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын осы бапта көрсетілген қызметпен шектелмесе, егер мұндай тұлғаның осы Мемлекетте кәсіпорынның атынан келісім шарт жасасуға өкілеттігі болса және әдетте оны пайдаланып отырса, бұл кәсіпорынның осы тұлға кәсіпорын үшін атқаратын кез-келген қызметке қатысты бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп есептеледі.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны осы басқа Мемлекетте делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез-келген басқа агент арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін ғана, мұндай адамдар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет еткен жағдайда, басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

6. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (тұрақты мекеме арқылы немесе басқалай жолмен) компанияны бақылау немесе соның бақылауында болуы осы компаниялардың бірін өздігінен екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдыра алмайды.

6-Бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе орман

шаруашылығынан) алған табысқа осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез-келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен құрал-жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, ғимараттарды, жылжымайтын мүліктің узуфруктын және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа да табиғи қазбаларды игергені немесе игеру құқығы үшін өтемақы ретінде төленетін өзгермелі немесе тұрақты төлемдер құқығын қамтиды; теңіз өзен және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе оны қандай да болсын басқа жолмен пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынған табысқа және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынған табысқа қолданылады.

7-Бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса немесе айналыспаған болса, кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

Егер кәсіпорын жоғарыда аталған қызметпен айналысып жүрсе немесе айналысқан болса, осы кәсіпорынның пайдасына, бірақ оның:

- а) осындай тұрақты мекемеге;
- б) осы басқа Мемлекетте тұрақты мекеме арқылы сатылатындар секілді тауарлар мен бұйымдарды сатуға; немесе
- с) өзінің сипаты жөнінен осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сәйкес келетін, осы басқа Мемлекетте жүзеге асырылатын басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігіне ғана осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Алайда кәсіпорын жоғарыда б) және в) тармақшаларында көрсетілген осындай сауда-саттықты немесе қызметті тұрақты мекеме жүзеге асырмағанын көрсете алса, бұл тармақшалар қолданылмайды.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе айналысқан болса, онда ол осындай немесе

осыған ұқсас жағдайларда нақ осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет ететін жеке және дербес кәсіпорын ретінде алуы мүмкін пайдасы әрбір Уағдаласушы Мемлекеттегі осы тұрақты мекемеге жатады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды, соның ішінде басқару және жалпы әкімшілік шығындарын, олардың тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе қандай да болсын басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, шегеріп тастауға болады.

Тұрақты мекемеге патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, сыйақылар немесе басқа да ұқсас төлемдер түрінде немесе көрсетілген нақты қызметтер үшін не басқару үшін комиссиялық төлемдер түрінде немесе тұрақты мекемеге қарызға берілген сомаға проценттер түрінде оның бас офисіне немесе резиденттің басқа офистерінің кез-келгеніне төленген соманы (нақты шығындарды өтеуге жұмсалғанынан өзгесін) шегеріп тастауға рұқсат етілмейді.

4. Тұрақты мекеме кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алса, тек сол үшін ғана тұрақты мекеме пайда тапқан болып есептелмейді.

5. Егер пайда осы Конвенцияның басқа Баптарында бөлек айтылған табыс түрлерін қамтыса, онда бұл баптардың ережелері осы Баптың ережелерін қозғамайды.

6. Алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге қатысты пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, жылма-жыл бірдей тәсілмен айқындалады.

8-Бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны халықаралық тасымалда теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланудан алған пайдаға осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Скандинавия Авиажелілер Жүйесі (SAS) авиакөлік концорциумы алған пайдаға қатысты 1-тармақтың ережелері пайданың тек АВ Аэрокөлік (АВА) осы концорциумға қатысуына, Скандинавия Авиажелілер Жүйесінің (SAS) шведтік әріптесіне қатысты бөлігіне ғана қолданылады.

3. 1-тармақтың ережелері сондай-ақ пулға, бірлескен қызметке немесе халықаралық авиациялық агенттікке қатысудан алынған пайдаға да қолданылады.

9-Бап

Ассоциацияланған кәсіпорындар

1. Егер:

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің

кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса; немесе

б) бір ғана тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны мен басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса,

және осы жағдайлардың екеуінде де екі кәсіпорын арасындағы коммерциялық немесе қаржы қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорын арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда осы жағдайлар болмаған кезде олардың біреуіне есептелуі мүмкін кез-келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына енгізіліп, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы басқа Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылайша қосылған пайда екі кәсіпорын арасында қалыптасқан жағдайлар тәуелсіз екі кәсіпорын арасындағыдай болған жағдайда бірінші аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болып табылса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдаға есептелген салықтың мөлшеріне қажетті түзетулер енгізеді. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері мұқият ескеріледі және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен ақылдасып отырады.

10-Бап

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай дивидендтерге сондай-ақ дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ дивидендтер алушы оның нақты иесі болса, мұндай жағдайда алынатын салық:

а) дивидендтердің нақты иесі дивидендтер төлейтін компанияда дауыс беру құқығының кемінде 10 процентін тікелей иемденіп отырған компания (серіктестіктен өзге) болса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 процентінен;

б) қалған жағдайлардың барлығында дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспауы тиіс.

Бұл тармақ компанияның дивидендтер төленіп отырған пайдасына салық салуға қатысы жоқ.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланғанда акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан, пайдаға қатысудан алынатын

табысты, сондай-ақ нақ осындай салық реттеуіне жататын басқа да кооперативтік құқықтардан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлетін компания резиденті болып табылатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табысты білдіреді. Қазақстанға байланысты бұл термин, атап айтқанда, Қазақстанның заңдары бойынша құрылған бірлескен кәсіпорынның шетелдік қатысушыларына шет елге аударылатын табысты қамтиды.

4. Егер дивидендтердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе айналысқан болса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе немесе көрсеткен болса және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған жағдайда осы басқа Мемлекет, мұндай дивидендтер осы басқа Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен шын мәнінде байланыста болып отырған немесе байланыста болған жағдайларды қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерге қандай да болсын салық сала алмайды, тіпті төленіп отырған дивидендтер немесе бөлінбеген пайда тұтастай немесе ішінара осы басқа Мемлекетте пайда болған пайдадан немесе табыстан құралған күннің өзінде компанияның бөлінбеген пайдасына бөлінбеген пайдаға салынатын салық сала алмайды.

6. Осы Конвенцияда ешнәрсе Уағдаласушы Мемлекеттің осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның табыстарынан алынатын салыққа қосымша ретінде осы Мемлекеттің тұрақты мекемесіне жататын компанияның табыстарына салық салуына кедергі келтіретіндей болып түсіндірілмейді, мұндай жағдайда қосымша алынатын осындай салық ставкасы бұдан бұрынғы салық салынған жылдары осындай қосымша салық салынбаған осындай табыстар сомасының 5 процентінен аспауы қажет. Осы тармақтың мақсаттары үшін "табыстар" термині 7-Бапқа сәйкес сол жылы немесе оның алдындағы жылдары осы Мемлекеттегі осындай тұрақты мекемеге қатысты пайданы (соның ішінде осындай тұрақты мекеменің 13-Баптың 3-тармағында айтылған кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын мүлікті шеттетуден алынған табыстарды) білдіреді, одан:

а) сол жылы және оның алдындағы жылдары осындай тұрақты мекемеге тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарында залалды кейінге қалдыруға рұқсат етілетіндей дәрежеде қатысты кәсіпкерлік қызметтен келген залалдар

(соның ішінде осындай тұрақты мекемелердің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын мүлікті шеттетуден келген залалдар); және

б) осында айтылған қосымша салықтан өзге, осы Мемлекетте осындай пайдадан төленетін, пайдаға салынатын барлық салықтар шегеріліп тасталады.

7. Егер Қазақстан сол сәтте Экономикалық Ұнтымақ және Даму Ұйымының (ЭЫДҰ) мүшесі болып табылатын үшінші бір Мемлекетпен жасасқан қосарланған салық салуды болғызбау туралы кез-келген Конвенцияда Қазақстан 2-тармақтың а) тармақшасында айтылған, Қазақстанда туындайтын дивидендтерді қазақстандық салықтан босатуға немесе осы тармақшада белгіленген салық ставкасын шектеуге келісім берсе, мұндай босату немесе неғұрлым төмен ставка осы Баптың 2-тармағының а) тармақшасында және 6-тармағында айқындалғандай болып өзін-өзі Швецияға қатысты да қолданылады.

11-Бап Проценттер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай проценттерге сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес осы Мемлекетте де салық салынуы мүмкін, бірақ егер проценттер алушы оның нақты иесі болса, мұндай жағдайда алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, егер төмендегі талаптардың бірі орындалса, проценттерге тек проценттер алушы резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады:

а) проценттерді төлеуші немесе алушы Уағдаласушы Мемлекеттің өзі, оның саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы не Уағдаласушы Мемлекеттің Орталық Банкі болса;

б) егер несие жеңілдіктермен берілсе немесе кепілдік жасалса, экспортқа немесе дамуға жәрдемдесу мақсатында проценттер Шведкорп (SWEDECORP), AB Халықаралық Швед қоры (Swedfund international AB) немесе Экспорттық Несиелер Кепілдіктері жөніндегі Швед Кеңесі (Swedish Export Credits Guarantee Board) немесе мемлекеттік сипаттағы кез-келген басқа мекеме берген немесе кепілдік жасаған займға қатысты төленсе.

4. Осы Бапта пайдаланылатын "проценттер" термині кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және қарызгерлердің пайдаларына қатысуға құқық беретін немесе бермейтін кез-келген түрдегі борыш талаптарынан алынған табысты және, атап айтқанда, үкіметтің бағалы қағаздарынан алынған табыс пен облигациялардан немесе борыш міндеттемелерінен алынған табысты, соның ішінде

осындай бағалы қағаздардан, облигациялардан немесе борыш міндеттемелерінен алынған сыйақылар мен ұтыстарды білдіреді. Уақытылы төленбеген төлемдер үшін айыппұл осы Баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды.

5. Егер проценттердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, проценттер пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе айналысқан болса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе немесе көрсеткен болса және өзінде қатысты проценттер төленетін борыш міндеттемесі шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1, 2 және 3-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

6. Егер проценттер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, олар осы Мемлекеттің өзінде пайда болған деп есептеледі. Алайда проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса немесе болған болса, соларға байланысты проценттер төленетін қарыз туындаса және мұндай проценттерді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда проценттер тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасып отырған немесе орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

7. Прценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлға арасында арнайы қатынастар болуына байланысты борыштық талапқа қатысты және солардың негізінде төленетін проценттер сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында келісілуі мүмкін сомадан асып кетсе, онда осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне бұрынғысынша осы Конвенцияның басқа ережелерін барынша ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынады.

8. Егер Қазақстан сол сәтте Экономикалық Ұнтымақ және Даму Ұйымының (ЭЫДҰ) мүшесі болып табылатын үшінші бір Мемлекетпен жасасқан қосарланған салық салуды болғызбау туралы кез-келген Конвенцияда Қазақстан 2-тармақта айтылған, Қазақстанда пайда болатын проценттерді проценттерге салынатын қазақстандық салықтан босатуға немесе осы тармақта белгіленген салық ставкасын шектеуге келісім берсе, мұндай босату немесе неғұрлым төмен ставка осы Конвенцияның 2-тармағында айқындалғандай болып өзін-өзі қолданылады. Егер кез-келген осындай Конвенцияда Қазақстан банк берген займдарға қатысты төленетін проценттер бойынша немесе Уағдаласушы Мемлекеттің кез-келген бұйымдарды немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықты басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына несиеге сатуынан пайда болған борыш міндеттемелеріне қатысты осы Баптың 3-тармағында айтылған босатуларды кеңейтуге келісім берсе,

мұндай босатулар Швецияға қатысты өзінен-өзі қолданылады.

12-Бап

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер роялти алушы оның нақты иесі болса, осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс. 3-тармақтың б) тармақшасында сипатталған жағдайдағы роялтидің нақты иесі, таза табыс роялти пайда болған Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болғандай, осындай таза табыс базасында осындай табысқа салынатын салықты есептеуді таңдап ала алады.

3. "Роялти" термині осы Бапта пайдаланғанда:

а) әдебиет, өнер немесе ғылыми шығармаларына, соның ішінде компьютерлік бағдарламаларға, бейнекассеттер мен кинематографиялық фильмдерге және радио мен телехабарларға арналған таспаларға, кез-келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе үлгіге, жоспарға, құпия формулаға яки процеске берілетін кез-келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін яки оны пайдалану құқығын бергені үшін немесе басқа да ұқсас құқықтар яки меншік немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез-келген түрін; және

б) өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төленетін төлемдерді білдіреді.

4. Егер роялтидің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе айналысқан болса немесе осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе немесе көрсеткен болса және роялти өздеріне қатысты төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың және 14-Баптың ережелері қолданылады.

5. Роялти төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, ол осы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты роялти төлеу міндеттемесі туындаса және мұндай роялтиді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан немесе бұрын болған

Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

6. Роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлға арасында арнайы қатынастар болуына байланысты пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты төленетін роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес бұрынғысынша салық салынады.

7. Егер Қазақстан сол сәтте Экономикалық Ұнтымақ және Даму Ұйымының (ЭЫДҰ) мүшесі болып табылатын үшінші бір Мемлекетпен жасасқан қосарланған салық салуды болғызбау туралы кез-келген Конвенцияда Қазақстан 2-тармақта айтылған, Қазақстанда пайда болатын кез-келген роялтиді роялтиге салынатын қазақстандық салықтан босатуға немесе осы тармақта белгіленген салық ставкасын шектеуге келісім берсе, онда мұндай босату немесе неғұрлым төмен ставка осы Бапта айқындалғандай болып кез-келген осындай роялтиге қатысты өзінен-өзіне қолданыла береді.

13-бап

Мүлік құнының өсімі

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті 6-бапта айтылған және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті шеттетуден алған табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті:

а) ресми танылған қор биржасында елеулі және тұрақты негізде сатылатын, өздерінің құнын немесе олардың құнының едәуір бөлігін басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тікелей немесе жанама түрде алатын акциялардан өзге акцияларды; немесе

б) активтері, негізінен, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен немесе жоғарыда а) тармақшасында көрсетілген акциялардан тұратын серіктестіктегі үлесін шеттетуден алатын табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған немесе иеленген тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаты үшін Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты базасына қатысты жылжымалы мүліктен алынған табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (жеке өзін немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) яки осындай

тұрақты базаны шеттетуден алынатын осындай табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін шеттетуден немесе осындай теңіз не әуе кемелерін пайдалануға қатысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алған табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады. Скандинавия Авиажелілер Жүйесі (SAS) авиакөлік концорциумы шеттетуден алған табыстарға қатысты бұл тармақтың ережелері АВ Авиакөліктің (АВА), Скандинавия Авиажелілер Жүйесінің (SAS) шведтік әріптесінің осы концорциумдағы иелігінің бөлігіне сәйкес келетін табыстардың үлесіне ғана қолданылады.

5. 1,2,3 және 4-тармақтарда ескертілгендерден өзге кез-келген мүлікті шеттетуден алынатын табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

6. 5-тармақтың ережелеріне қарамастан, егер акцияларды немесе басқа да корпоративтік құқықтарды шеттету жеке тұлға бірінші аталған Мемлекеттің резиденті болуын тоқтатқан уақыттан кейінгі он жыл ішіндегі кез-келген уақытта орын алған болса, осы Мемлекеттің резиденті болған және енді басқа Уағдаласушы резиденті болып отырған жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің резиденті болып табылатын компанияның акцияларын немесе басқа да корпоративтік құқықтарын шеттетуден алған табыстарға бірінші аталған Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

14-Бап

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлғаның тәуелсіз сипаттағы кәсіптік немесе басқа қызметтерге қатысты алған табысына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады, бұған жеке тұлғаның өз қызметін жүзеге асыру үшін басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұдайы негізде тұрақты базаға ие болып отырған немесе ие болған жағдайы қосылмайды. Егер ол осындай тұрақты базаға ие болып отырса немесе ие болған болса, табысқа бірақ оның осындай тұрақты базаға қатысты болып отырған немесе қатысты болған бөлігіне ғана басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіптік қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе педагогтік қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

15-Бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. 16,18 және 19-Баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдамалы жұмысқа байланысты алған ырзықақыға, жалақыға, және басқа да осындай сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады, бұған жалдамалы жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылып отырған немесе атқарылған жағдайлар қосылмайды. Егер жалдамалы жұмыс осылайша атқарылып отырса немесе атқарылған болса, осы жұмыс үшін алынған сыйақыға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер:

а) сыйақы алушы қарастырылып отырған қаржы жылында басталатын немесе аяқталатын кез-келген реттегі 12 айға созылған кезеңде жалпы ұзақтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы басқа Мемлекетте тұрып жатса немесе тұрған болса, және

б) сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе ол жалдаушының атынан төленсе, және

с) сыйақыны жалдаушының басқа Мемлекетте ие болып отырған немесе ие болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе,

1-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылған жалдамалы жұмысқа байланысты алған сыйақыға тек бірінші аталған Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан Уағдаласушы

Мемлекеттің кәсіпорны халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында атқарылатын жалдамалы жұмысқа қатысты алынған сыйақыға осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Швецияның резиденті Скандинавия Авиажелілер Жүйесі (SAS) авиакөлік концорциумы халықаралық тасымалдарда пайдаланатын әуе кемесінің бортында жүзеге асырылатын жалдамалы жұмысқа қатысты сыйақы алса, мұндай сыйақыға тек Швецияда ғана салық салынады.

16-Бап

Директорлардың сыйақылары

Басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе соған ұқсас органының мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың сыйақыларына және басқа да осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-Бап

Артистер мен спортшылар

1. 14 және 15-Баптардың ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер секілді өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде өзінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте айналысатын жеке қызметінен алған табысқа осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Өнер қызметкерінің немесе спортшының өзінің осы тұрпатында атқаратын жеке еңбек қызметіне қатысты табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа адамға есептелсе, осы табысқа 7, 14 және 15-Баптардың ережелеріне қарамастан өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-Бап

Зейнетақылар, аннуитеттер және ұқсас төлемдер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін зейнетақылар мен басқа да осындай сыйақыға, әлеуметтік сақтандыру туралы заңдар бойынша төленетін төлемдер мен аннуитеттерге бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Аннуитет" термині ақшалай немесе ақшамен есептелетін баламалы және толық сыйақы орнына төлем төлеу міндеттемесі бойынша өмір бойы немесе белгілі бір яки нақты немесе белгіленетін уақыт кезеңі бойы белгіленген мерзімде жүйелі түрде төленіп тұратын белгіленген соманы білдіреді.

19-Бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы осы Мемлекетке немесе бөлімшеге не өкімет органына көрсетілетін қызметтерге қатысты жеке тұлғаға төлейтін зейнетақыдан өзге сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда егер қызмет осы басқа Мемлекетте көрсетілсе және жеке

тұлға осы Мемлекеттің резиденті бола отырып әрі:

(i) осы Мемлекеттің азаматы болса; немесе

(ii) қызмет көрсету мақсаты үшін ғана осы Мемлекеттің резиденті болудан қалса, мұндай сыйақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты көрсетілетін қызметтерге қатысты сыйақыға 15 және 18-Баптардың ережелері қолданылады.

20-Бап

Студенттер мен стажерлер

Уағдаласушы Мемлекетке келердің нақ алдында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және бірінші аталған Мемлекетте тек қана өзінің оқуы немесе сынақ мерзімінен өту мақсатымен жүрген студент немесе стажер алған және тұруға, оқуға және сынақ мерзімін өтеуге арналған төлемдерге, мұндай төлемдер осы Мемлекеттен тыс жерлердегі көздерден пайда болған жағдайда, осы Мемлекетте салық салынбайды.

21-Бап

Басқа табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Конвенцияның бұдан бұрынғы Баптарында ескертілмеген табыс түрлеріне, олар қайда пайда болмасын, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Егер табыс келтіруші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысып отырса немесе айналысқан болса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметте көрсетіп отырса немесе көрсеткен болса және өзіне қатысты осындай табыс төленетін құқық мен мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 6-Баптың 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынған осындай табыстан өзге табыстарға 1-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндайда жағдайға қарай 7-Баптың және 14-Баптың ережелері қолданылады.

22-Бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салу былай жойылады:

а) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Швецияда салық салынуы мүмкін табыс тапса, Қазақстан осы резиденттің табысына салынатын салықтан Швецияда төленген табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға рұқсат етеді.

Бұл шегеру, алайда, табысқа салынатын салықтың шегеру берілгенге дейін есептелген және, жағдайға қарай, Швецияда салық салынуы мүмкін табысқа қатысты бөлігінен аспауға тиіс.

б) Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тек Швецияда ғана салық салынатын табыс тапса, Қазақстан осы табысты салық салу базасына, бірақ Қазақстанда салық салынатын осындай басқа табысқа салынатын салық ставкасын айқындау мақсаттары үшін ғана енгізе алады.

2. Швеция жағдайында қосарланған салық салу былай жойылады:

а) Швецияның резиденті Қазақстанның заңдары бойынша және осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс тапса, Швеция - шетелдік салықтарды есепке алуға қатысты Швеция заңдарының ережелеріне сәйкес (өйткені олар оның негізгі қағидатын өзгертпестен, дүркін-дүркін өзгертіп тұруы мүмкін) - осындай табысқа салынған салықтан осындай табысқа қатысты төленген қазақстандық салыққа тең соманы шегеріп тастауға рұқсат етеді.

б) Швецияның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тек Қазақстанда ғана салық салынатын табыс тапса, Швеция швед салықтың мөлшерленген ставкасын айқындаған кезде тек Қазақстанда ғана салық салынатын табысты есепке ала алады.

с) Осы тармақтың а) тармақшасының ережелеріне қарамастан Қазақстанның резиденті болып табылатын компания Швецияның резиденті болып табылатын компанияға төлейтін дивидендтер швед компанияларына шет елдегі еншілес филиалдары төлейтін дивидендтерге салынатын салықтан босататын швед заңдарының ережелеріне сәйкес швед салығынан босатылады.

23-Бап

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым

ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты кез-келген міндеттемеге ұшырамайтын болады. Бұл ереже сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу нақ осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте қолайсыздау болмайды.

3. 9-Баптың 1-тармағының, 11-Баптың 7-тармағының немесе 12-Баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаты үшін олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс. Осы секілді Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне кез-келген борыштары осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсаттары үшін бірінші аталған Мемлекеттің резидентінің міндеттемелері қалай шегерілсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталады.

4. Капиталы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара қарайтын немесе олар тікелей немесе жанама түрде бақылайтын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

5. Осы Баптың мазмұнында ешнәрсе де Уағдаласушы Мемлекеттің әрқайсысын азаматтық мәртебесі немесе тектік міндеттемелері негізінде салық салу мақсаттары үшін өз резиденттеріне берілетін кез-келген жеке шегерімдерді, салықтан босатуларды немесе кемітулерді басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне беруге міндеттейтіндей болып пайымдалмайды.

6. Осы Баптың ережелері, 2-Баптың ережелеріне қарамастан, кез-келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қолданылады.

24-Бап

Өзара келісіп алу рәсімі

1. Тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері оған осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар етеді деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ұлттық заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе, егер оның ісі 23-Баптың 1-тармағына жатса, өзі

ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарының қарауына бере алады. Іс қарауға Конвенцияның ережелеріне сәйкес емес салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар тиген күннен бастап үш жыл ішінде берілуге тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол талапты орынды деп есептесе және өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болғызбау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен келісе отырып шешуге ұмтылады. Қол жеткен кез-келген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарында бар қандай да болсын уақыт шектеулеріне қарамастан орындалуға тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдары Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез-келген қиындықтарды немесе күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Олар сондай-ақ Конвенцияда ескерілмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою үшін бір-бірімен ақылдаса алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осының алдындағы тармақтарды ұғысуда келісімге қол жеткізу мақсаттары үшін бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады.

25-Бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе оларда көзделген салық салу Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпарат алысып тұрады. Ақпарат алысу 1-Баппен шектеліп қалмайды. Уағдаласушы Мемлекет алған кез-келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын салықтарға баға берумен немесе оларды жинаумен, күштеп өндіріп алумен немесе сот арқылы қудалаумен яки осы салықтарға байланысты шағымдарды қараумен айналысатын адамдарға немесе органдарға ғана (соның ішінде соттар мен әкімшілік органдарына) жария етіледі. Мұндай адамдар немесе органдар ақпаратты осындай мақсаттар үшін ғана пайдалануға тиіс. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде хабарлай алады.

2. 1-Баптың ережелері ешбір жағдайда Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік

практикасынан айырмасы бар әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша

немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да болсын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны не сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік практикаға (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада пайымдалмайтын болады.

26-Бап

Дипломатиялық агенттер және консулдық қызметкерлер

Осы Конвенцияда ешнәрсе дипломатиялық қызметтердің және консулдық қызметшілердің немесе консулдық өкілдіктер қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормаларында немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салық артықшылықтарын қозғамайды.

27-Бап

Жеңілдіктерді шектеу

1. Осы Конвенцияның кез-келген ережелеріне қарамастан:

а) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания өзінің табысын, негізінен, басқа Мемлекеттерде

(i) банк ісі, теңіз тасымалдары, несие беру немесе сақтандыру сияқты қызметтерден немесе

(ii) негізінен, басқа Мемлекеттерде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын компаниялар тобына әкімшілік қызметтерін көрсететін немесе басқалай қолдану жасайтын штаб-пәтер, үйлестіру орталығы немесе соған ұқсас бірлік қызметтерін орындаудан тапқанда; және

б) осы Мемлекет әдетте қолданылатын қосарланған салық салуды жою әдісін қолданбағанда, жағдайға қарай, осы Мемлекеттің ішінде атқарылатын ұқсас қызметтен немесе осы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысатын компаниялар тобына әкімшілік қызметтерін көрсететін немесе басқалай қолдау жасайтын штаб-пәтер, үйлестіру орталығы немесе соған ұқсас ұйым қызметтерін орындаудан тапқан табысқа қарағанда мұндай табысқа сол Мемлекеттің заңдары бойынша неғұрлым төмен салық салынатын болғанда,

осы Конвенцияның салық салудан босатуға немесе салықты азайтуға байланысты кез-келген ережелері осындай компанияның табысына және осындай компания төлейтін дивидендтерге қолданылмайды.

2. Егер процент төленетін борыш міндеттемелерінің пайда болуымен немесе оларды басқа біреуге берумен байланысты кез-келген тұлғаның басты мақсаты немесе басты мақсаттарының бірі борыш міндеттемесін құру немесе оны басқа біреуге беру арқылы 11-Баптың артықшылығын алу болса, 11-Баптың ережелері қолданылмайды.

3. Егер роялти төленетін құқықтардың пайда болуымен немесе оларды басқа біреуге берумен байланысты кез-келген тұлғаның басты мақсаты немесе басты мақсаттарының бірі құқықтарды құру немесе басқа біреуге беру арқылы 12-Баптың артықшылығын алу болса, 12-Баптың ережелері қолданылмайды.

4. Уағдаласушы Мемлекет осы Баптың 1,2 және 3-тармақтарын қолданған кезде басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне Конвенцияның жеңілдіктерін беруден бас тартуға ниеттенсе, бірінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдары басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарымен ақылдасып отырады деп келісілді.

28-Бап

Күшіне енуі

1. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенцияның күшіне енуі үшін өзінің заңдары бойынша талап етілетін рәсімдердің аяқталғаны туралы басқа Мемлекетті хабардар етеді.

2. Конвенция осы хабарлардың соңғысы алынғаннан кейін 30-шы күні күшіне енеді және осыған іле-шала:

а) Конвенция күшіне енгеннен кейін келетін жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе осыдан кейін төленетін немесе есептелетін сомаға қатысты табыс көзінен алынатын салықтарға;

б) Конвенция күшіне енгеннен кейін келетін бірінші қаңтардан немесе одан кейін басталатын салық жылдарына қатысты басқа салықтарға қолданылатын болады.

29-Бап

Қолданылу күшін тоқтату

1. Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның күші тоқтатпайынша күшінде қала береді. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет ол күшіне енгеннен кейін бес жыл өткен соң кез-келген күнтізбелік жылдың аяқталуынан кем дегенде 6 ай бұрын қолданылу күшін тоқтату туралы жазбаша хабар жолдап, дипломатиялық арналар бойынша Конвенцияның қолданылу күшін тоқтата алады. Бұл жағдайда Конвенция:

а) қолданылу күшін тоқтату туралы хабар жіберілгеннен кейін келетін жылдың

бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленетін немесе есептелетін сомаға қатысты табыс көзінен алынатын салықтарға;

b) қолданылу күшін тоқтату туралы хабар жіберілгеннен кейін

келетін бірінші қаңтардан немесе одан кейін басталатын салық жылдарына қатысты басқа салықтарға қолданылу күшін тоқтатады.

Осыны куәландыру ретінде өздерінің құрметті Үкіметтері тиісті дәрежеде өкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Мәскеу қаласында 1997 жылғы наурыз айының 19 күні, қазақ, швед, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндердің арасында алшақтық болған жағдайда ағылшын мәтіні айқындаушы болады.

Қазақстан Республикасының	Швеция Корольдігінің
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.